

Қ. Әбдезұлы*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан***«Мен не болсам, болайын саған садақа...»**

Аңдатпа. Мақалада Алаш қозғалысының көрнекті өкілдері, қазақ әдебиетінің ұлы тұлғалары Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатұлы және Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына арналған маңызды ойлар мен тұжырымдар ұсынылған. Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері арқылы Алаш идеологиясының негіздері мен ақынның ұлт болашағына деген сенімін, сондай-ақ оның шығармашылық мұрасының рухани құндылығын көрсеткен. Әуезовтің Алаш арыстарына деген ықыласымен байланысты, ол Міржақып Дулатұлы мен Жүсіпбек Аймауытұлының шығармашылығын жоғары бағалағанын атап өту маңызды. Мақалада Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» өлеңі мен «Бақытсыз Жамал» романының қазақ әдебиетіне қосқан зор үлесі мен оның прозасындағы ұлттық мәселелерге арналып жазылған тақырыптар терең талданып, Алаш әдебиетінің дамуына қосқан үлесі көрсетілген. Мақалада сондай-ақ Міржақып Дулатұлының әдеби мұрасының қазіргі заманғы зерттеушілер мен әдебиетшілер тарапынан бағалануы, сондай-ақ қазақ әйелінің тағдырына арналған шығармаларының маңыздылығы сөз болады.

Түйін сөздер: Алаш қозғалысы, Мағжан Жұмабаев, Ұлт болашағы, «Оян, қазақ!», «Бақытсыз Жамал»

DOI: <https://doi.org/10.71078/dwv2tm93>

Түсті: 30.10.2025; Мақұлданды: 14.12.2025; Онлайн қолжетімді: 25.12.2025.

Алаш қозғалысы – қазақ халқының тарихында ұлт-азаттық идеясының негізін қалаған аса маңызды тарихи оқиға. Бұл қозғалыстың көрнекті тұлғаларының шығармашылығы ұлттық тәуелсіздік пен рухани жаңғырудың жаршысы болды. Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынұлы сынды ұлы тұлғалар қазақ әдебиетінде жаңа кезеңнің бастаушысы ретінде танылды. Олардың шығармалары ұлттың болашағына деген сенім, ұлттық бірлікті сақтау, білім мен мәдениетті көтеру мақсатында жазылған туындылар болып табылады. Осы мақалада Алаш арыстарының әдеби мұрасына арналған маңызды мәселелерді талдай отырып, олардың қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесін қарастырамыз.

Сөзімді Алаш ұранды әдебиеттің құзар шыңында, биік бастауында тұрған, қазақтың біртуар перзенті, жалынды ақыны Мағжанның мына өлеңінен бастағым келеді. Мағжан ақын:

*Өткен күн таң-тамаша ертегі зой,
Ерлері ертегінің өрт еді зой.
Айрылып от екпінді ерлерінен,
Алаштың жанында ауыр дерт еді зой.*

*Сонау дерт түгелімен ауып маған,
Дарига, жүрегімді өртеді зой... – деп, өзінің ақындық мұратын біржолата ұлт, ел тағдырына арнағанын айтады.*

Алаш арыстарын жоқтап, жүрегі өртеніп, жаны күйген, жан-дүниесін кек пен ыза кернеп тұрса да, бірақ елінің ертеңіне сенген, болашаққа деген үмітін үзбеген, сол

үшін жалынды жырларын жазып, әдебиет, руханият тарихында есімі алтын әріппен жазылған есіл ақын сол XX-ғасырдың басталар тұсында осынау оттай бір шумақ өлеңін бізге аманаттаған екен...

Ал, ұлы суреткер, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов жиырма бес жасында, яғни 1923 жылы, 4-ші ақпан күні «Ақ жол» газетінің бетінде: «Қазақ жұртының өткен күндеріне көз салғанда, оқыған азаматтарының артынан ерген күндері аз да болса мағыналырақ тәуір күндерінің бірі деп саналады. Сол оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі болған Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы...» – деп жазыпты.

Алаш арыстарының соңғы сарқытындай болған, өзі де өмір бойында қудалаудан, өсек, жаладан, көпе-көрнеу қиянаттан көз ашпаған, 1930-32 жылдары жазықсыз сотталып, түрме азабын көрген, «Абай жолы» романы үшін бас сауғалап, елден қашуға мәжбүр болған, бір сөзбен айтқанда Алаш үшін, ұлт мүддесі үшін, барлық азапқа шыдаған, тағдыры арпалыспен, тайталаспен өткен қаламгердің Алаш арыстарына деген ықылас, пейілі, құрметі айрықша болды.

Тура осындай құрметті, қымбат, құнарлы ой-пікірлерін тағы да бір шоғыр Алаш арыстарына арнады. Солардың ішінде, өзінің суреткерлік, қаламгерлік жолында ерекше қадірлеген, қастер тұтқан, ұстазым деп білген екі тұлғаны бүгін бөліп айтар едім... Бірі – Міржақып Дулатұлы, екіншісі – Жүсіпбек Аймауытұлы.

Шын мәнінде, Ахмет Байтұрсынұлы – Алаштың рухани көсемі болды. Міржақып Дулатұлы – Алаштың бас идеологы болды. Себебі, ұлт пен Міржақып егіз ұғым. Жазықсыз сотталып, айдалып, сонау жер шетіндегі Карелияның Сосновец стансасында мерт болған боздақтың асыл мұрасы ешқашан ұмытылмайды.

Ажырамас қос тұлға. Ақаң мен Жақаң... Торғай топырағынан түлеп ұшып, Алаш қозғалысының бастауында тұрған қос ғұлама. Біртуар Алаш көсемдері. Ешнәрсе көлегейлей алмайтын, мәңгілік ел жүрегінде қалған, қасық қаны қалғанша ұлт мүддесі жолында күресіп өткен қос қайраткер...

Оның атақты «Оян, қазақ!» – атты отты өлеңі күллі Алаш қозғалысының басты идеясының алтын өзегі, алтын арқауы болды десек артық айтпаймыз. Ұлттық мұратқа жетудің бірден-бір жолы, ұлт мүддесіне қызмет етудің бірден-бір жолы – ұлтты ояту, ұлтты серпілту, дүр сілкінту, ұлттың намысын қайрап, ұлт-азаттық күрес жолына түсірудің жалғыз жолы – ұлтты ояту болғанын күллі Алаш зиялылары терең түсінді.

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,

Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.

Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,

Пайдалаң шаруаңа жараса, Алаш!», – деп жырлаған Міржақып қазақ жұртының сүйікті ақынына айналды.

Бірақ, патшалық Ресейдің зәресін қашырып, берекесін ұшырған, халықты азаттыққа үндеген осынау ұран жырды, үндеу жырды бірінші болып Міржақып жазды, жариялады... «Мен не болсам, болайын саған садақа, Сүйікті жұртым, қақпанға түсіп алданба!» – деп жырлаған ақиық ақын, ары қарай «Алаш» деп ұран естілсе, Кім бұрылмас қанына» – деп тағы жалғастырады. Осының алдында ғана, 1907 жылы, Петербургте жалғыз ғана нөмірі шыққан «Серке» газетінде «Жастарға» деген өлеңі де жарыққа шығып еді.

Оның тұңғыш өлеңдер жинағы 1909 жылы Қазан қаласындағы «Шарқ» баспасынан «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шықты. Жаңа ғана оқу, білімнің қадірін түсініп, алға, жарыққа ұмтыла бастаған қазақ қоғамына бұл жинақ көктемгі тұнық самалдай, нұрлы жаңбырдай игілігі мен жаңалығын қатар әкелгендей әсер етті.

Алыс ауылдарға жетіп, қолдан-қолға, ауыздан-ауызға тарап, жыл құсындай жаңалық алып келген осынау кітап Міржақып Дулатұлының есімін дүр еткізіп, оның атақ, даңқы қазақ еліне түгел жайылды. Жас ұстаз, тергеу органдарының бақылауына

ілігеді, ақыры, туған елінен кетуге мәжбүр болып, Омбы жаққа, Қызылжар жаққа бас сауғалап паналайды. Артынша кітабы «Оян, қазақ!» кәмпескеленеді.

Міржақып Дулатұлы Алаш ұранды әдебиеттің екі жанрында қатар, яғни поэзия мен проза жанрында көш бастаушылардың алдыңғы легінде тұрады. Айталық, «Айқап» журналының беттерінде жарық көрген алғашқы, тырнақалды көркем әңгімелерінен бастап, әйгілі «Бақытсыз Жамал» романына дейін үлкен қаламгерлік жолдан өтті. Ал «Бақытсыз Жамал» романын XX ғасырдағы қазақ прозасының шымылдығын ашқан, қазақтың тұңғыш романы деп жүрміз.

Романдар көшін бұрын Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романы бастады деп жүріп едік, енді Міржақып Дулатұлының қайта ақталуына байланысты және жаңа әдеби, тарихи зерттеулердің нәтижесінде Міржақыптың «Бақытсыз Жамалы» қазақтың тұңғыш романы болды деген әділетті, тарихи тұжырым жасалды.

Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романы 1917 жылға дейін екі рет басылым көрді. 1910 және 1914 жылдар. Ғасыр басы, ұлы төңкерістің қарсаңы...

Міржақып Дулатұлы өзінің 1916 жылы жарық көрген «Екі қыздың мұңы», «Қымбат тай» – деп аталатын прозалық әңгімелерінен бастап, барлық прозалық шығармаларында қазақ қызының, қазақ әйелінің тағдырын өз туындыларына арқау етті.

Міржақып Дулатұлының осынау прозалық туындылары кейінірек дүниеге келген Жүсіпбек Аймауытовтың, Мұхтар Әуезовтің, Бейімбет Майлиннің, Ғабит Мүсіреповтің ана, қазақ анасы тақырыбындағы ірі, сүбелі туындыларына жол ашты. Мысалы, Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек», «Қартқожа» романдары мен «Күнікейдің жазығы» повесіне, Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесі мен «Күлпәш» әңгімесі бастаған қазақ әйелдері туралы әңгімелер цикліне, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы мен «Қорғансыздың күні» атты әңгімесі бастаған әңгімелер цикліне (ішінде атақты «Қаракөз», «Еңлік – Кебек», «Қаралы сұлу» шығармаларын қосқанда) және Ғабит Мүсіреповтің атақты, ана тақырыбына арналған классикалық әңгімелері мен «Ұлпан» романына, «Кездеспей кеткен бір бейне» повесіне ұласқан Аймауытовтың туындылары үлкен мектеп болды. Шеберліктің, суреткерліктің баға жетпес мектебі болды.

Өз естеліктерінде Мұхтар Әуезов те, Ғабит Мүсірепов те «алдымызда Жүсіпбек Аймауытов пен Міржақып Дулатұлының үлкен суреткерлік мектебі болмағанда» біз «Абай жолын», Мүсірепов «Ұлпан», «Кездеспей кеткен бір бейне» романдарын жаза алмас едік» – деген.

Түйіп айтқанда, Міржақып Дулатұлы да, Жүсіпбек Аймауытұлы да Алаш ұранды қазақ әдебиетінің бастау бұлағында, көш басында тұрды, қазақ прозасының, яғни әлемдік деңгейге көтерілген қазақ әдебиетінің алғашқы үлгілері, алғашқы қарлығаштары саналатын көркем туындыларды туғызған әдебиет алыптарының алдыңғы легіндегі тұлғаларымыз. Алаш арыстары. Алаштың ай қанатты арғымақтары.

Тақырыпқа қайта оралсақ, әсіресе, Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романының біз үшін, ұлттық әдебиетіміз үшін тарихи орны өте биік.

Алдымен, бұл туынды жанр жаңалығы болды. Эпикалық прозаның еңбір сүйекті, сүбелі бағыты роман жанры десек, сол толыққанды роман жанрының барлық көркемдік шарттарын сақтап, көркем поэтиканың әлем әдебиетіндегі бар озық үлгілеріне жақын келген, қазақ топырағында тұңғыш рет жарыққа шыққан көп қатпарлы, бірнеше қабаттан тұратын, бірнеше сюжеттік желілерді бір арнада тоғыстырып, тұтастырып бір тақырып пен бір идеяның аясында суреттей алған, сәтті жазылған құнарлы дүние ретінде әдебиет тарихына енді.

*Ем таба алмай дертіңе мен ертеден,
Сол бір қайғың өзегімді өртеген.
Тырып етпейсің бас көтеріп көрпеден,
Еңсең неге түсті мұнша елім-ай?*

Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал харап боп,

Қарағым, енді жату жарамас-ты – деп шырылдаған, тар қапастан шығудың жолын іздеген, қайтсем қайран халқымның санасын оятып, көзін ашсам, озық елдердің қатарына қоссам деп қам жеген қаламгердің, қайраткердің қазақ қызының тағдырын жазу арқылы, роман жанрында, ел өмірінің еңбір алмағайып тұсын, өлара кезеңін бар бояуымен, бар шындығымен ашып тастағысы келеді.

Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы әлеуметтік өмір сахнасына шыққан кезеңде орыс империясының, патша үкіметінің қазақ елін отарлау саясаты әбден күшіне кіріп, шарықтау шыңына жеткен тұс болатын.

Мал баққан елді шұрайлы жерлерінен айырып, алым-салықты көбейтіп, орыс мұжықтарын қалаған жерлеріне орналастырып, қала салдыртып, қазақтың мойнына нағыз құлдық қамыты кигізілген күндер келгенде әрине Алаш арыстары бұл біржолата келген тажалға қарсы күресудің жалғыз жолы білім, өнер, мәдениет және қаламгерлік екенін терең түсінді.

Сондықтан Ахмет, Міржақыптардың ағартушылық қызметінде халықты жалпы оқу, білімге шақырған, үгіттеген іс, әрекеттерімен қатар қалам жұмысына жегіліп жақсы шығарма жазу, оқулық, оқу құралдарын дайындау миссиясы да бірінші қатарға шықты.

Ахмет көбінесе оқулық, оқу құралын, зерттеу еңбектер жазуға біржолата ден қойса, Міржақып әңгіме, өлең, публицистика, роман жанрындағы дүниелерді көбірек жазып, осы бағытта мол мұра қалдырды. Соның бірі, тағы қайталап айтамыз, руханиятқа сусап отырған қазақтың қалың оқырманына жаңа роман ұсынды.

Құрман ауылындағы Сәрсенбай деген кісінің Жамал атты қызының ата-баба дәстүрі деген сылтаумен қалың малға сатылып, зорлықпен некесі қиылған, сүйген жігітіне қосыла алмай зар жылаған, өмірінің соңында қайғылы қазаға ұшыраған қазақ қызының тағдырын автор замана мәселесі етіп көтеріп, көркем шығарманың тұтас сюжетіне, көркемдік арқауына айналдырды.

Міржақып Дулатұлы шығармашылығын тереңдеп зерттеген бір шоғыр әдебиетші, тарихшыларды атап айту парыз. Олар: Әлихан Бөкейхан, Сәбит Мұқанов, Ғаббас Тоғжанов, Рымғали Нұрғали, Тұрсынбек Кәкішұлы, Марат Әбсемет, Мәмбет Қойгелді, Гүлнәр Міржақыпқызы Дулатова, Жұмағали Ысмағұлов, Кеңес Нұрпейісов, Бақытжан Майтанов, Айгүл Ісімақова, Ғарифолла Әнес, Зейнол Бисенғали, Бейбіт Қойшыбаев, Дихан Қамзабекұлы және тағы басқалар.

Алаш арыстарының шығармашылығы қазақ әдебиетінің алтын қорына еніп, ұлттың рухани байлығын арттыруға үлкен ықпал етті. Мағжан Жұмабаевтың, Міржақып Дулатұлы мен Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары тек әдебиетке ғана емес, ұлттың тарихи санасына да зор әсерін тигізді. Олардың туындылары ұлттық бірлікті, мәдениетті, тәуелсіздік үшін күресті насихаттап, бүгінгі ұрпаққа аманат болып қалды. Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» өлеңі мен «Бақытсыз Жамал» романы қазақ қоғамының өзекті мәселелерін көтеріп, ұлттық әдебиетіміздің алға басуына жол ашты. Осылайша, Алаш идеологиясы мен әдеби мұрасы қазіргі қазақ әдебиетінің іргетасын қалаушы болып табылады.

K. Abdezuly

*Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan*

**«Whatever I am, I will be to you...»
(«Men ne bolsam, bolatyn sağan sadaqa...»)**

Abstract. This article is dedicated to the reflections on the creative works of prominent figures of the Alash movement – Magzhan Zhumabayev, Mirzhakyp Dulatuly, and Ahmet Baitursynuly, who played a significant role in the development of Kazakh literature and the formation of the idea of national independence. Through Magzhan Zhumabayev's poetry, the foundations of Alash ideology and the poet's faith in the future of the nation are revealed, as well as the spiritual value of his creative legacy. The article deeply analyzes Mirzhakyp Dulatuly's poem «*Oyan, Kazakh!*» and his novel «*Baqytsyz Zhamal*» and their contributions to Kazakh literature, focusing on national issues in his prose. It also discusses the evaluation of Mirzhakyp Dulatuly's literary heritage by modern researchers and literary figures, as well as the significance of his works dedicated to the fate of Kazakh women.

Keywords: Alash movement, Magzhan Zhumabayev, future of the nation, «*Oyan, Kazakh!*», «*Baqytsyz Zhamal*»

К. Абдезулы

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан*

«Men ne bolsam, bolatyn sağan sadaqa...»

Аннотация. В статье представлены важные размышления и выводы, посвященные творчеству видных представителей алашского движения, великих деятелей казахской литературы Магжана Жумабаева, Миржакипа Дулатулы и Ахмета Байтурсынулы. Через стихи Магжана Жумабаева демонстрируются основы алашской идеологии и вера поэта в будущее нации, а также духовная ценность его творческого наследия. Важно отметить, что Ауэзов, в связи со своей страстью к алашским львам, высоко ценил творчество Миржакипа Дулатулы и Жусупбека Аймауытулы. В статье глубоко анализируется большой вклад стихотворения Миржакипа Дулатулы «*Оян, қазақ!*» и романа «*Бақытсыз Жамал*» в казахскую литературу, а также темы национальных проблем в его прозе и его вклад в развитие алашской литературы. В статье также обсуждается оценка литературного наследия Миржакипа Дулатулы современными исследователями и литературными деятелями, а также значение его произведений, посвященных судьбе казахских женщин.

Ключевые слова: движение Алаш, Магжан Жумабаев, будущее нации, «*Оян, қазақ!*», «*Бақытсыз Жамал*»

Автор туралы мәлімет:

Әбдезұлы Қ. – филология ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

Информация об авторе:

Абдезулы К. – доктор филологических наук, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Abdezuly K. – Doctor of Philological Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.



Бұл жұмыс Creative Commons Attribution-Коммерциялық Емес 4.0 Халықаралық лицензиясы бойынша лицензияланған.
This work is licensed under Creative Commons Attribution-Noncommercial 4.0 International License